

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық Министрлігі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Университеттің ғылыми кеңесінің
отырысында қарастырылған
Хаттама № 16
« 24 » 05 2021 ж.



БЕКІТІЛГЕН
Басқарма төрағасының орынбасары
оқу ісі бойынша - ректор
«С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КЕАҚ
Әбдіров А.М.
« 26 » 09 2021 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
«6В09102- Тағам қауіпсіздігі»

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6В09 Ветеринария
Дайындық бағыттарының коды мен классификациясы: 6В091 Ветеринария
Білім берудің халықаралық стандартты классификациясының коды: 0941
Берілетін дәрежесі/квалификациясы: 6В09102 – «Тағам қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы бойынша ветеринария бакалавры

Оқу мерзімі: 5 жыл

Авторлық ұжым

1. Әбдірахманов Сәрсенбай Қадырұлы, в.ғ.д., С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ профессоры, «Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы» факультетінің деканы, С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ;
2. Әділбеков Жанат Шабанбайұлы, в.ғ.к., доцент, «Ветеринариялық санитария» кафедрасының меңгерушісі, С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ;
3. Майқанов Балғабай Садепұлы, б.ғ.д., профессор, С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ;
4. Жақыпов Исатай Түсіпұлы, в.ғ.д., С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ профессоры;
5. Балджи Ю.А., в.ғ.к., доцент, С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ;
6. Мустафина Райхан Хусаиновна, PhD, в.ғ.к., С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ аға оқытушысы;
7. Сарсебеков Лұқман Төлеуұлы, «Целинная Фабрика деликатесов» ЖШС Өндіріс бөлімінің директоры;
8. Тұрмағамбетов Шәкен Нұрышұлы, «ИнвестПромАймақ» ЖШС директоры;
9. Абдулхаликов Сембай Бағдатшаұлы, ҚР АШМ ВБЖҚК «Республикалық эпизоотияға қарсы жасақ», РММ директоры;
10. Карибаев Талғат Болатович, з ҚР АШМ ВБЖҚК ШЖҚ-ғы «Ветеринариядағы Ұлттық референттік орталық» РКК Инфекциялық ауруларды диагностикалау зертханасының меңгерушісі;
11. Қойшыбаева Мейрамгүл Сайлауқызы, С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ 4-ші курсының студенті;
12. Төлеш Саламат, С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ 3-ші курсының студенті

Авторлық ұжым тізімі «С. Сейфуллин ат. ҚАТЗУ» КеАҚ бұйрығымен бекітілген № 6 от « 7 » 02 2023ж.

«6В09102 Тағам қауіпсіздігі» Білім беру бағдарламасы «Ветеринариялық санитария» кафедрасы мәжілісінің отырысында қарастырылды, хаттама № 15 «29» сәуір 2023 ж., «Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы» факультетінің Кеңесінде мақұлданды, хаттама № 09 «04» мамыр 2023 ж.

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы» факультетінің деканы,

С.К. Әбдірахманов

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринариялық санитария» кафедрасының меңгерушісі, доцент

Ж.Ш. Әділбеков

Мазмұны

| № | Компонент атауы | беттер |
|----|--|--------|
| 1. | Білім беру бағдарламасының паспорты | 4 |
| 2. | Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы | 5 |
| 3. | Түлектің құзыреттілік моделі (портреті) | 6 |
| 4. | Кәсіби практиканы өтуі базалары | 7 |
| 5. | Білім беру бағдарламасының құрылымы | 8 |
| 6. | Қосымша 1. Академиялық күнтізбе | 11 |
| 7. | Қосымша 2. Жұмыс оқу жоспары | 13 |
| 8. | Қосымша 3. Оқу пәндерінің көмегімен білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың құрылымдалатын нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы | 16 |

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты:

«Тағам қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – биологиялық және тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыты бойынша жоғары білікті мамандар дайындау, сонымен қатар, тағам өнімдері сапасын бақылау, бұл қазіргі уақытта өзекті де қажетті мәселе. Осы орайда білім беру бағдарламасының мазмұны Еуразиялық Экономикалық Одақ жағдайында және БСҰ ену қарсаңында, сонымен қатар, халықаралық ветеринариялық ұйымдардың (ХЭБ, ФАО, БДҰ т.б.).

«Тағам қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасының ақтық мақсаты болашаққа нақты бағдар жасау, ол тұлғалық және кәсіби қызметтегі табыстылықты ескере отырып өз білім беру бағдарламасын құру мүмкіндігімен айқындалады. Бұл бағдарлама потенциалды жұмыс берушілердің талап-тілектерін ескере отырып құрастырылған, ол тағам өнімдерінің ветеринариялық-санитарлық сараптамасын жүргізу жөніндегі зертхана мамандарына қажет.

Бұл мамандықты бітірген түлектер ет пен ет өнімдерінің, сүт пен сүт өнімдерінің, балық пен балық өнімдерінің, жұмыртқалардың, балдың, жануар текті шикізаттардың және жекелеген өсімдік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін талдаудың заманауи әдістерін (ИФТ, ИХТ, ПТР, ЖТСХ т.б.) пайдалана отырып, ет пен ет өнімдерінің, сүт пен сүт өнімдерінің, балық пен балық өнімдерінің, жұмыртқалардың, балдың, жануар текті шикізаттардың және жекелеген өсімдік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын болады.

1.2. Білім беру нәтижелері

БН 1. Жалпы білім беру пәндеріне қатысты білімдерді пайымдау мен байланыстыра білу, құқықтық және антикоррупциялық мәдениет жайлы жалпы ұғымдарды білу, жоғары ойлау әлеуетіндегі құзыретті тұлға қалыптасуы үшін академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын айқындау, сонымен қатар, кәсіби қызмет ету аясындағы ақпараттық құрылымдар туралы заманауи ұғымдарды білу, пайдалана алу.

БН 2. Зоологиялық жүйелендіруді тұжырымдау, жануар организмінің органдары мен жүйелері құрылысының анатомиялық морфологиялық ерекшеліктерін айқындау, организмдегі физиологиялық және биохимиялық үдерістің мән-мағынасын ұғыну, жасушаларды, ұлпаларды және орган жүйелерін микроскопиялық зерттеп-зерделеу әдістерін меңгеру.

БН 3. Латын грамматикасы мен латын ветеринариялық терминологиясы негіздерін білу, жазбаша және ауызша ақпарат алмасу құзыретін жетілдіру үшін кәсіби шет тілін меңгеру.

БН 4. Тірі организмдер белгілері өзгеруінің тұқым қуалаушылық заңдылықтарын түсініп, ұғыну, біріншілік материалды биометриялық өңдеу машығын игеру, жануарлар мен құстарды ұстау, азықтандыру мен суару жүйелерінің санитарлық-гигиеналық бағалануын жүргізе білу, азықтардың химиялық құрамы мен зоотехниялық көрсеткіштерін анықтау, жануарлардың нормативтік талаптарға сәйкес азықтандырылуын ұйымдастыру.

БН 5. Дәрілік заттар тудыратын фармакодинамикалық әсер-әрекеттердің негізгі механизмдерін және ветеринариялық препараттарды мөлшерлемелеу принциптерін білу. Уыттылыққа зерттеу әдістерін меңгеру, ауылшаруашылық жануарларының уланулары себептерін айқындай білу және біріншілік жәрдем көрсету әдістерін меңгеру. Аурулар кезінде органдар мен жүйелердегі патологиялық үдерістер мен өзгерістерді білу, жануар өлекселерін жарып-союды әдіснамалық дұрыс өткізуге машықтану.

БН 6. Эпизоотиялық үдерісті ұғымын, инфекциялық және вирусты ауру қоздырушыларын жүйелендіру, олардың генетикасын, морфологиясы мен физиологиясын білу, диагноз қоя білу, аллергиялық және клиникалық, эпизоотологиялық зерттеулер өткізе алу, жануарларды вакциналау, жануарлардың инфекциялық аурулары кезінде шаралар жоспарын құрастыра білу.

БН 7. Жануар текті өнімдер мен шикізаттарды өндіру, тасымалдау және пайдаға асыру кезінде ветеринариялық-санитарлық бақылау жүргізу ережелерін білу, ветеринариялық менеджмент пен заңнамалық регламенттау тәртіптерін, ветеринариялық шаралардың экономикалық шығынын анықтау мен экономикалық тиімділігін есептеу әдістерін білу.

БН 8. Жануарлар әлемінің негізгі зоологиялық заңдылықтарын интерпретациялай алу, оның түрлерін жүйелендіре білу, ауру жануарларды, құстарды, балықтарды емдеу үшін паразиттерге қарсы препараттардың негізгі топтамаларын қолдана білу және оның сапасы мен тиімділігіне баға беру.

БН 9. Ветеринариялық радиобиологияның теориялық және практикалық негіздерін білу, дозиметриялық құралдармен жұмыс жасай алу, жануарлардың хирургиялық, акушерлік-гинекологиялық және ішкі жұқпалы емес аурулары кезінде зертханалық, клиникалық диагностикалық, диспансерлеу, терапиялық техниканы қолдану, емдік-профилактикалық шаралар өткізе алу машықтарын игеру.

БН 10. Сойыс жануарларына ветеринариялық қызмет көрсету ережелерін, жануар текті өнімдерді өндіру технологиясы мен гигиенасын меңгеру, өндірістің әр кезеңдерінде малшаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін ветеринариялық-санитарлық сараптау, сонымен қатар, ветеринариялық соттық сараптау машықтарын меңгеру.

БН 11. Шекара мен көлікте, ет-сүт кәсіпорындарында ветеринариялық-санитарлық бақылау жүргізе алу, ет-сүт өнімдері, сонымен қатар, өсімдік, балық және ара шаруашылықтары өнімдерінің сапасын бақылау, өнімдердің бөгде заттектерімен контаминациялануы кезіндегі сапасы мен қауіпсіздігін санитариялық бағалау ережелерін білу.

БН 12. Әртүрлі меншік иелігіндегі шаруашылықтарда малшаруашылығы өнімдерін өндіру ісінің ұйымдастырылуы мәселелерін қарастыру, ауылшаруашылық жануарлары өнімділігін анықтау әдістерін меңгеру.

БН 13. Владеть навыками проведения эпизоотологиялық зерттеулер және мониторинг жүргізу, профилактикалық және эпизоотияға қарсы шараларды жүргізу әдіс-тәсілдерін меңгеру, жануарлардың трансшекаралық және экзотикалық аурулары байқалу заңдылықтарын білу.

БН 14. Гормондар, ферменттер, ақуыздар, нуклеотидтер мен нуклеозидтер, ДНҚ, РНҚ құрылымдары, нуклеин қышқылдарының биосинтезі, аминоксил-тРНҚ-синтетазасы туралы теориялық және практикалық білімді меңгеру, химиялық есептерді шешу, реакция теңдеулерін құру машығын меңгеру, ауылшаруашылығында органикалық қосылыстарды практикалық пайдаланудың негізгі жолдарын анықтау.

2. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы (өзектілігі, ерекшеліктері, бәсекеге жарамды болу сипатындағы артық тұстары, стейкхолдерлері т.с.с.)

«Тағам қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы біліктілік тағайындаудың Ұлттық шеңбері мен кәсіби стандарттарға сәйкес құрастырылған, Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік тағайындау шеңбері талаптарымен келісілген. Білім беру бағдарламасының мазмұнында жалпы білім беру, базалық және бейінді пәндер циклын оқытуды қарастыратын теориялық білім; қосымша оқыту түрлері, кәсіби практика, дене шынықтыру т.б. енеді. Білім беру бағдарламасының көлеміне 300 кредит енгізілген, соның ішінде 240 кредит теориялық білім беруге, 28 кредит кәсіби практикаға, 8 кредит дене шынықтыруға және 12 кредит дипломдық жұмыс жазуға, 12 кредит қорытынды аттестациялауға бөлінген.

Құрастырылған білім беру бағдарламасының өзектілігі ретінде оның Бүкіл Әлемдік Денсаулық сақтау Ұйымы мен ФАО бірінші күнгі түлегінің (ветеринария саласының маманы) типтік куррикулумы мен құзыреттіліктері талаптарымен үйлесетін атаймыз, бұл білім беру бағдарламасының халықаралық ветеринариялық білі беру кеңістігіне интеграциялану мүмкіндігін беретін болады.

Құрастырылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі ретінде оның құрылымы, білім беруге қатысты қисындылығы мен пәндер компоненттері бойынша ветеринариялық білім беру саласындағы жетекші әлемдік университеттердің (Ю.Либиx ат. Гиссен университеті, Дэвис Калифорния университеті, Тулуза ұлттық ветеринариялық мектебі) оқу жұмыс бағдарламаларымен 60-70% келісілгенін атай аламыз, бұл өз алдына білім алушылардың кәсіби тұрғыдан ұтқырлық сипатында білім алмасуына ықпалын тигізетін болады.

Негізгі стейкхолдер болып табылатыны: ҚР ВБЖҚК облыстық аумақтық инспекциялары, ҚР АШМ ШЖҚ Республикалық ветеринариялық зертхана РҚК, Республикалық эпизоотияға қарсы жасақ РМК, Астана ауылшарашылығы өнімдері зертханасы ЖШС («Әлем» СҮ, «Еуразия» СҮ, «Шапағат» ЖБ, «Артем» СҮ), Ветеринариядағы Ұлттық референттік орталық, сонымен қатар, Астана қаласында орналасқан ветеринариялық клиникалар.

3 Түлектің құзыреттілік моделі (сипаты)

3.1 Кәсіби қызмет ету салалары

- ветеринариялық зертханалар (тағам қауіпсіздігі бөлімдері);
- азық-түлік базарларындағы ветеринариялық-санитарлық сараптама зертханалары;
- ет-сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының өз меншігіндегі өндірістік бақылау зертханалары;
- тағам өнімдері мен жануар текті өнімдерді өндіру, қайта өңдеу, сақтау және пайдаға асыру кәсіпорындары;
- шекара мен көлік түрлеріндегі ветеринариялық бекеттердегі, бақылау-өткізу бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық қызмет мекемелері;
- биологиялық препараттар мен биологиялық белсенді заттарды дайындау және бақылау жөніндегі кәсіпорындар, ветеринариялық дәріханалар;
- ғылыми-зерттеу институттары, мемлекеттік және жеке меншік иелігіндегі ветеринариялық бейіндегі ұйымдар;
- сойыс бекеттері, жануарларды тасымалдауға арналған көлік түрлері, жануарларды ұстауға арналған орындар.
- ауылшаруашылық өндірісін жүргізу бейініндегі барлық шаруашылық жүргізу субъекттерінің түрлері;

3.2 Кәсіби қызмет түрлері

- өндірістік-технологиялық қызметтер;
- ұйымдастыру-басқару сипатындағы қызметтер;
- эксперименталды-зерттемелік сипаттағы қызмет түрлері;
- ғылыми-зерттеу сипатындағы қызмет түрлері;
- жобалау қызметтері;
- білім беру сипатындағы қызмет түрлері;
- әскери-ветеринариялық қызмет;

3.3 Жалпы білім беру құзыреттіліктері

Міндетті жалпы білім беру пәндері циклындағы пәндер:

- болашақ маманның әлемді тану, азаматтық және адами тұрғыдан, сонымен қатар, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды игеру, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құрастыру, саламатты өмір салтын ұстануға және кәсіби жетістікке жетуіне бейімделу тұрғысынан бәсекелестікке қабілетті болып дайындалуына, қалыптасуына бағытталады.

- өздігінен даму және өмірінің барлық кезеңдерінде білім алу машықтарын қалыптастырады;

Міндетті жалпы білім беру пәндері циклындағы пәндерді оқуын аяқтаған соң білім алушы мынаған қабілетті болады:

- философия негіздерін білу негізінде қалыптастырылған әлемді тану позициясына сүйене отырып, қоршаған орта жағдаяттарын бағалай білу қабілеті қалыптасады.

- әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан құбылыстардың бәріне дәйекті тұрғыдан өзіндік баға беруге қабілетті болады;

Міндетті жалпы білім беру пәндері циклының жоғары оқу орны компоненті (ЖООК) және (немесе) таңдау компоненті (ТК) 5 кем емес академиялық кредит құрайды, олар білім алушылар бойында экономика мен құқық, антикоррупциялық мәдениет негіздері, экология және тіршілік қауіпсіздігі салаларындағы құзыреттілікті, сонымен қатар, кәсіпкерлік машықтарын, ғылыми зерттеу әдіснамаларын қалыптастыруға бағытталады.

Дескрипторлар студенттердің қабілеттерін сипаттайтын білім беру нәтижелерін бейнелеп көрсетеді:

1) алдыңғы қатарлы білімге сүйене отырып, оқытылатын саладағы білім мен ұғынғанын көрнекілеп көрсету;

2) алған білімі мен ұғынымдарын кәсіби деңгейде қолдану, дәлелді дәйектер құрылымдай алу және оқып жатқан сала мәселелерін шеше білу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпараттар жинау оларды интерпретациялау;

4) оқу саласына қатысты оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді пайдалану;

5) оқу саласында одан әрі білім алуын өздігінен жалғастыру үшін білім алу машықтарын қалыптастыру;

6) ғылыми зерттеу әдістерін және академиялық жазба жүргізу әдістерін білу және оны оқу саласында қолдану;

7) оқу саласына қатысты білімді, факттерді, құбылыстарды, теориялар мен олардың арасындағы күрделі өзара байланыстарды іс жүзінде қолдану;

8) академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну.

3.4 Базалық құзыреттіліктер

Базалық пәндер мен бейінді пәндер циклдары пәндері мен модульдерінің бағдарламалары бірқатар білім салалары қиылысымында ветеринария мамандарын дайындауды қамтамасыз ететін пән аралық және мультипәндік сипатта болады.

Білім беру бағдарламасы түлектердің БДҰ мен ФАО талаптарына сәйкесетін базалық құзыреттіліктер иемденуін қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасының траекториялары түлектерді тағам өнімдері сапасы мен қауіпсіздігін сараптау, ветеринариялық санитарлық гигиена, фармацевция, жануарлар саулығы, ұлттық және халықаралық ветеринариялық заңнама мен этика саласында білім алуын қарастырады.

Түлектер ветеринариялық қызмет, ветеринариялық инспекция мен сертификаттау, тағам қауіпсіздігі, қауіптілік әдіснамасы, ғылыми зерттеулер жүргізуін талдау, кәсіпкерлік қызмет барысында жануар текті қауіпсіз және сапалы өніммен қамтамасыз ету саласында практикалық құзыреттіліктер алады.

3.5 Кәсіби құзыреттіліктер

ҚР ветеринариялық істің заңнамалық регламентациялау: республиканың ветеринариялық қызметінің құрылымын және мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарының функцияларын, малшаруашылығы және өңдеу мекемелерінің биологиялық қалдықтарын, сарқынды суларын залалсыздандырудың заманауи әдістерін; ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты және мемлекеттік монополияға жататын ветеринариялық шараларды білу;

«Тағам өнімдері қауіпсіздігі туралы» техникалық регламент: малшаруашылығы, құсшаруашылығы, балық шаруашылығы, ет пен ет өнімдері, сүт пен сүт өнімдері, ара-және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын, қауіпсіздігін және тауарлық құндылығына қатысты мемлекеттік стандарттардың негізгі көрсеткіштерін білу. Тағам өнімдеріне, өндіріс (дайындау), сақтау, тасымалдау (жеткізу), пайдаға асыру және өтелдеу процестеріне қойылатын талаптарды білу.

Тағам өнімдері сапасы мен қауіпсіздігін ветеринариялық-санитарлық бақылау және қадағалау: тағам өнімдерін дайындау, өңдеу, тасымалдау, сақтау және пайдаға асыру кезінде сапасы мен қауіпсіздігін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеру; жануар текті өнімдер мен шикізаттарды өңдеу және сапалы өнімдер шығарылуын қамтамасыз ету бойынша ветеринариялық-санитарлық жағдайын бақылауды қамтамасыз ету; инфекциялық, инвазиялық және жұқпалы емес этиологиядағы аурулар анықталуы кезінде жалпы ветеринариялық-санитарлық және ұйымдастыру-шаруашылық шаралары кешенін өткізу.

3 Кәсіби практиканы өтуі базалары

«Тағам қауіпсіздігі» бағдарламасында 4 практика түрі кіреді, олар теориялық білім алуымен бір қатар немесе жеке кезеңде өтуі мүмкін.

- 1) Базалық пәндер циклындағы оқу практикасы;
- 2) Базалық пәндер циклындағы оқу-клиникалық практикасы;
- 3) Базалық пәндер циклындағы өндірістік практика;
- 4) Базалық пәндер циклындағы дипломалды практикасы.

Оқу практикасы – практикалар базасы: Астана қ. ветеринариялық клиникалары - "Зоосфера", "Құлагер", "Астана Өнім" АҚ, ҚР АШМ Ветеринариядағы Ұлттық референттік орталығы.

Оқу-клиникалық практикасы: ШЖҚ "Ветсервис" КМК, «Алтын таға» сойыс бекеті, «Астана өнім» ЖШС, «Витадог», «Зоосфера», Ветэкспресс ветеринариялық клиникалары, Астана ауылшарашылығы өнімдері зертханасы ЖШС («Әлем» СҮ, «Еуразия» СҮ, «Шапағат» ЖБ, «Артем» СҮ), «Целинная деликатестер фабрикасы» ЖШС, ҚР АШМ «Республикалық эпизоотияға қарсы жасақ» РМК, Астана қ. аумақтық инспекциялары, ШЖҚ «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК.

Өндірістік практика – ҚР АШМ «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК, ҚР АШМ «Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті» Ақмола, Солтүстік-Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстық аумақтық инспекциялары, ҚР АШМ «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК, ҚР АШМ «Республикалық эпизоотияға қарсы жасақ» РМК, ҚР АШМ Ветеринариядағы Ұлттық референттік орталығы Астана қ.

Диплом алды практикасы: ҚР АШМ «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК, ҚР АШМ «Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті» Ақмола, Солтүстік-Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстық аумақтық инспекциялары, ҚР АШМ «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК, ҚР АШМ «Республикалық эпизоотияға қарсы жасақ» РМК, ҚР АШМ «Ветеринариядағы Ұлттық референттік орталығы» Астана қ.

Білім беру бағдарламасының құрылымы

| № | Циклдар мен пәндердің атауы | Жалпы еңбек ауқымы | |
|----------|---|--------------------|-------------------|
| | | академиялық сағат | академиялық сағат |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Жалпы білім беретін пәндер циклы (ЖБП) | 1680 | 56 |
| 1) | Міндетті компонент | 1530 | 51 |
| | Қазақстан тарихы | 150 | 5 |
| | Философия | 150 | 5 |
| | Шет тілі | 300 | 10 |
| | Қазақ (Орыс) тілі | 300 | 10 |
| | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | 150 | 5 |
| | Қоғамдық-әлеуметтік білім модулі (социология және саясаттану, культурология және психоло- | 240 | 8 |

| | | | |
|----------|---|-------------|------------|
| | гия) | | |
| | Дене шынықтыру | 240 | 8 |
| 2) | Таңдау компоненті | 150 | 5 |
| | Экономика және құқық негіздері Антикоррупциялық мәдениет негіздері Инновациялық кәсіпкерлік Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі негіздері Ғылыми зерттеулер негіздері | 150 | 5 |
| 2 | Базалық пәндер циклі (БП) | 3930 | 131 |
| 1) | Жоғары оқу орны компоненті | 2940 | 98 |
| | Жануарлар және құстар анатомиясы 1 | 150 | 5 |
| | Жануарлар және құстар анатомиясы 2 | 150 | 5 |
| | Латын ветеринариялық терминологиясы | 120 | 4 |
| | Жануарлар физиологиясы | 150 | 5 |
| | Жануарлар биохимиясы | 150 | 5 |
| | Ветеринариялық микробиология және иммунология | 180 | 6 |
| | Жеке микробиология | 120 | 4 |
| | Ветеринариялық гигиена және санитария 1 | 150 | 5 |
| | Ветеринариялық гигиена және санитария 2 | 150 | 5 |
| | Ветеринариялық фармакология | 120 | 4 |
| | Клиникалық фармакология токсикологиямен | 150 | 5 |
| | Цитология, эмбриология және гистология | 150 | 5 |
| | Патологиялық физиология | 150 | 5 |
| | Жануарлардың патологиялық анатомиясы 1 | 150 | 5 |
| | Жануарлардың патологиялық анатомиясы 2 | 150 | 5 |
| | Жануарларды азықтандыру | 150 | 5 |
| | Малшаруашылығы | 90 | 3 |
| | Жануарлардың клиникалық диагностикасы | 90 | 3 |
| | Биоорганикалық химия | 150 | 5 |
| | Оқу практикасы | 120 | 4 |
| | Оқу-клиникалық практика | 150 | 5 |
| 2) | Таңдау компоненті | 990 | 33 |
| | Зоология Зоогеография | 90 | 3 |
| | Ветеринариялық вирусология Вирусологиялық зерттеу әдістері | 120 | 4 |
| | Ветеринариялық генетика биостатистика негіздерімен Ветеринариялық генетика жануарлар селекциясы негіздерімен | 150 | 5 |
| | Ветеринариядағы зертханалық іс Ветеринариядағы зертханалық диагностика | 90 | 3 |
| | Ветеринариялық хирургия Ұсақ жануарлар хирургиясы | 120 | 4 |
| | Жануарлардың ішкі жұқпалы емес аурулары Практикалық терапия | 150 | 5 |
| | Ветеринариялық радиобиология Радиобиологиялық қауіпсіздік | 90 | 3 |

| | | | |
|----------|---|-------------|------------|
| | Эпизоотиялық мониторинг және ветеринариялық шараларды ұйымдастыру Жануарлардың трансшекаралық және экзотикалық аурулары | 180 | 6 |
| 3 | Бейінді пәндер циклы | 3090 | 103 |
| 1) | Жоғары оқу орны компоненті | 2460 | 82 |
| | Кәсіби-бағытталған шет тілі | 90 | 3 |
| | Ветеринариялық акушерлік және гинекология | 150 | 5 |
| | Малшаруашылығы және құсшаруашылығы өнімдерінің ветеринариялық-санитарлық сараптамасы 1 | 150 | 5 |
| | Малшаруашылығы және құсшаруашылығы өнімдерінің ветеринариялық-санитарлық сараптамасы 2 | 150 | 5 |
| | Малшаруашылығы және құсшаруашылығы өнімдерінің ветеринариялық-санитарлық сараптамасы 3 | 150 | 5 |
| | Ет-сүт өнімдерінің технологиясы, санитариясы және ветеринариялық-санитарлық сараптамасы 1 | 150 | 5 |
| | Ет-сүт өнімдерінің технологиясы, санитариясы және ветеринариялық-санитарлық сараптамасы 2 | 150 | 5 |
| | Ветеринариялық эпидемиология 1 | 150 | 5 |
| | Ветеринариялық эпидемиология 2 | 150 | 5 |
| | Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары 1 | 90 | 3 |
| | Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары 2 | 150 | 5 |
| | Өсімдік, балық және бал шаруашылығы өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау 1 | 150 | 5 |
| | Өсімдік, балық және бал шаруашылығы өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау 2 | 150 | 5 |
| | Өндірістік практика | 600 | 20 |
| | Дипломалды практикасы | 30 | 1 |
| 2) | Таңдау компоненті | 630 | 21 |
| | Шекара мен көліктегі ветеринариялық бақылау Экспорттық-импорттық тасымалдаулар кезіндегі ветеринариялық-санитарлық қадағалау | 30 | 3 |
| | Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі 1 Малшаруашылығы өнімдерінің контаминациялануы 1 | 150 | 5 |
| | Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі 2 Малшаруашылығы өнімдерінің контаминациялануы 2 | 150 | 5 |
| | Соттық ветеринариялық сараптау Соттық танатология | 150 | 5 |
| | Ветеринариядағы менеджмент Ветеринариялық істі ұйымдастыру | 90 | 3 |
| 4 | Қосымша оқу түрлері (ҚОТ) | | |
| 5 | Қорытынды аттестация | 240 | 8 |

| | | | |
|----|---|-------------|------------|
| 1) | Мемлекеттік емтихан немесе дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау, кешенді емтихан тапсыру | 240 | 8 |
| | Барлығы | 9000 | 300 |

Оқу мерзімі 5 жыл

Қосымша 1. Академиялық күнтізбе

Утверждаю

Председатель Ученого Совета
 НАО «КАТИУ им.С.Сейфуллина»

Тиреуов К.М.

« 29 » 05 2023 г.

АКАДЕМИЧЕСКИЙ КАЛЕНДАРЬ

на 2023-2024 учебный год

по уровням подготовки

(БАКАЛАВРИАТ)

| | | |
|----|---|--|
| 1 | Презентационная неделя, регистрация на дисциплины | 1 курс с 28 августа включительно 31 августа |
| 2 | I семестр | с 1 сентября по 15 декабря |
| 3 | <i>День конституции</i> | <i>30 августа</i> |
| 4 | День знаний | 1 сентября |
| 5 | <i>День Республики</i> | <i>25 октября</i> |
| 6 | <i>День независимости</i> | <i>16 декабря</i> |
| 7 | Экзаменационная сессия | с 18 по 29 декабря |
| 8 | Сдача FX | с 18 по 29 декабря |
| 9 | <i>Новогодний праздник</i> | <i>1, 2 января</i> |
| 10 | Каникулы | с 1 января по 26 января |
| 11 | II семестр | 29 января по 10 мая |
| 12 | <i>Международный женский день</i> | <i>8 марта</i> |
| 13 | <i>Праздник Наурыз</i> | <i>21,22,23 марта</i> |
| 14 | <i>Праздник единства народа Казахстана</i> | <i>1 мая</i> |
| 15 | <i>День защитника Отечества</i> | <i>7 мая</i> |
| 16 | <i>День Победы</i> | <i>9 мая</i> |
| 17 | Экзаменационная сессия | с 13 мая по 24 мая |
| 18 | Сдача FX | с 13 мая по 31 мая |
| 19 | Запись на летний семестр | с 27 мая по 31 мая |
| 20 | Итоговая аттестация | до 30 июня |
| 21 | Летний семестр | с 3 июня по 12 июля |
| 22 | Каникулы | с 27 мая по 31 августа |
| 23 | <i>День Столицы</i> | <i>6 июля</i> |
| | Практика* | |

Утвержден на Ученом совете НАО «КАТИУ им.С.Сейфуллина»,
 протокол № 16 от 29.05.2023 г.

Примечание: В случае совпадения с выходным или праздничным днем занятие начинается в следующий рабочий день.

* Виды и сроки профессиональной практики определяются рабочим учебным планом образовательных программ.

Қосымша 3 Оқу пәндерінің көмегімен білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың құрылымдалатын нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

| № | Пән атауы | Пәннің қысқаша сипаттамасы | Кредиттер саны | Құрылымдалатын білім беру нәтижелері | | | | | | | | | | | | | |
|--|---------------------------------------|--|----------------|--------------------------------------|------|------|------|------|------|------|------|------|-------|-------|-------|-------|-------|
| | | | | БН 1 | БН 2 | БН 3 | БН 4 | БН 5 | БН 6 | БН 7 | БН 8 | БН 9 | БН 10 | БН 11 | БН 12 | БН 13 | БН 14 |
| Жалпы білім беру пәндері циклы Жоғары оқу орны компоненті/Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | <i>Экономика және құқық негіздері</i> | Экономика және құқық негіздерін оқытады, қоғамдық өндіріс, экономикалық жүйелер, нарықтық жүйе қызмет жасау механизмдері (сұраныс, ұсыныс, баға мен бәсекелестік) бойынша негізгі ұғымдар береді. Өндіріс, фирманың шығындары мен кірістері туралы ұғымдарды қалыптастырады. Ұлттық экономиканы зерттеу (оның мазмұны, құрылымы мен нәтижелерінің өлшемдері), мемлекеттік реттеу мен ұлттық экономиканың экономикалық қауіпсіздігі, қазақстандық құқықтың басты салалары (азаматтық, еңбек, қылмыстық құқықтар). | 5 | V | | | | | | | | | | | | | |
| | Кәсіпкерлік | Пән студенттер бойында кәсіпкерлік пен кәсіпкерлік істі ұйымдастыру мүмкіндіктері туралы жан-жақты ұғым қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны кәсіпкерлік қызметтің мән-мағынасын ұғындырады, оның түрлері мен функциялары, кәсіпкерлік қызмет субъекттері мен кәсіпкерлік ортаны сипаттайды, сонымен қатар, өз ісін құру, бизнес-жоспарлау, қаржылық және кадрлық қамтамасыз етілу механизмдерін ашып көрсетеді, кәсіпкерлік тәуекелділік түрлерін және олардың алдын алу мен минимизациялау әдістерін сипаттап көрсетеді. | 5 | V | | | | | | | | | | | | | |
| | Құқық және антикоррупциялық мәдениет | Коррупцияның әлеуметтік және құқықтық құбылыс ретіндегі мәні тәрізді мәселені зерттейді; қоғамдық өмірдегі коррупцияның бой алуын; коррупциялық заң және құқық бұзушылықтар үшін адамгершілік—құлықтылық және құқықтық жауапкершілік шаралары; коррупцияға қарсы тұру жөніндегі | 5 | V | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|---|---|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | қолданыстағы заңнамалар; құқық бұзушылықтардың алдын алу. Құзыреттіліктер қалыптастыру: қолданыстағы заңнама мәселелеріне қатысты бағыт-бағдар алу; нормативтік-құқықтық акттерді талдау, құқықпен реттелетін қарым-қатынастар құру, акпараттарды әділет тұрғысынан талдау машықтарын қалыптастыру; нақты орын алған жағдайларда құқықтық нормаларды қолдану, күнделікті практикада адамгершілік және құқықтық нормаларды ұстану; құқық және антикоррупциялық мәдениет мәселелеріне қатысты өз ой-пікірін ашып айту, негіздеу; құқықтық заңнама аясында мәселелер көтеру. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Тіршілік қауіпсіздігі | Білім алушылар бойында қауіпті жағдайлар орын алуын, қауіпті және зиянсыз табиғи жағдаяттарды айқындау, тұрғындарды және өндірістік нысандарды қауіпті жағдайлар кесірінен, себеп-салдарынан қорғау бойынша білім мен машықтанымды қалыптастыру. Әйелдер мен жастардың еңбегін қорғау ерекшеліктері, еңбекті қорғау жөніндегі заңнама мәселелерінің ұсталуын қадағалау және бақылау және еңбекті қорғау нормаларын ұстану бойынша жауапкершілік. | 5 | V | | | | | | | | | | | | | | |
| Экология | | 5 | V | | | | | | | | | | | | | | |
| Ғылыми зерттеулер әдістері | | 5 | V | | | | | | | | | | | | | | |
| Базалық пәндер циклы Жоғары оқу орны компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Жануарлар мен құстар анатомиясы 1 | Жануарлар организмі құрылысының жалпы заңдылықтарын, жануар денесінің бөліктері мен бағыттарын жан-жақты зерттейді. Остеология, синдесмология, миология, дерматология бөлімдерін қарастырып, зерттейді. | 5 | | V | | | | | | | | | | | | | |
| Жануарлар мен құстар анатомиясы 2 | Жануарлар мен ұстардың ішкі органдары құрылысына қатысты заңдылықтарды, түріне байланысты топографиялық деректерді зерттейді. Асқорыту, тыныс алу, сонымен қатар, несеп шығару, эндокриндік, иммунды, жүрек- | 5 | | V | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|---|---|---|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | тамыр және нерв жүйелерінің, көбею органдарының жануар мен құс түрлеріне байланысты ерекшеліктерін, құрылысын сипаттап, зерттейді. Қан-, лимфа айналымы жүйесі органдарының ерекшеліктерін, анализаторлар арналымдары мен маңызын (көру, есту, сезіну, дәм, татым, иіс сезу органдары) зерттейді. | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Латын ветеринариялық терминологиясы | Латын алфавиті мен латын терминологияларын білу мәселелері қарастырылады, медициналық-ветеринариялық терминдер жіктемелері, латын тілі сөздері мен сөйлемдерін ветеринариялық бейінде қатысты минимумды ұстана отырып лексикалық және грамматикалық ережелеріне сәйкес оқуға машықтандырады, орфографиялық тұрғыдан сауатты түрде анатомиялық-гистологиялық және клиникалық терминдерді жазу ережелерін үйретіп тәжірибе қалыптастырады. Кәсіби қызмет аясында латын ветеринариялық терминологиясын қолдануға машықтандырады. | | | | v | | | | | | | | | | | |
| | Ветеринариялық гигиена және санитария 1 | Жануарлар мен құстарды ұстау, азықтандыру және суарудың санитариялық-гигиеналық баға берілуін айқындайды, түрлі климаттық факторлардың жануарлар мен құстардың денсаулығына, өнімділігіне әсерін зерттейді. Топырақ гигиенасын зерттейді, қиды шығару, сақтау және залалсыздандырудың санитарлық-гигиеналық бағасын береді, суды зерттеу мен залалсыздандырудың ветеринариялық-санитарлық әдістерін, сонымен қатар, азықтар сапасына қатысты ветеринариялық-санитарлық нормалар мен талаптарды зерттеп, үйретеді. | 5 | | | | v | | | | | | | | | | |
